

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ  
ТРАНЗИТНАЯ  
ЭКОНОМИКА

**В НОМЕРЕ:**

**4  
2014**

ИНФЛЯЦИЯ: МӘНІ ЖӘНЕ БАЙҚАЛУ ФОРМАЛАРЫ МЕН  
ӨЛШЕУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

КӘСІПКЕРЛІК – ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖЕТЕКШІ КҮШІ

К ВОПРОСУ О ПРИНЯТИИ УПРАВЛЕНЧЕСКИХ РЕШЕНИЙ В  
КОРПОРАТИВНОМ МЕНЕДЖМЕНТЕ

## **Транзитная экономика**

Научно-практический журнал «Транзитная экономика» является одним из ведущих периодических научных изданий Республики Казахстан в области экономических наук, издается с июля 1997 года, имеет свою стабильную аудиторию.

На страницах журнала Вы найдете широкий спектр различных мнений и полезную информацию по вопросам экономической политики, разработки экономического механизма индустриально-инновационного развития Казахстана, проблемам развития отдельных отраслей и сфер экономики.

Публикации журнала ориентированы на специалистов и аналитиков республиканских и региональных органов управления, государственного сектора экономики, крупных народнохозяйственных структур, высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов, студентов, магистрантов, докторантов и круг читателей, проявляющих профессиональный интерес к проблемам социально-экономического развития. В редакционный совет входят ведущие ученые-экономисты Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья.

Периодичность выхода журнала – один раз в 3 месяца.

Подписку на журнал можно оформить во всех почтовых отделениях «Казпочта», в подписных агентствах «Евразия-Пресс», «Эврика-Пресс», «КазПресс».

Индекс подписки 75781. Подписная цена на год для физических и юридических лиц – 6800 тенге.

### **Издатель ИП «Ханшайым»:**

ИИК KZ90826A1KZTD2020958, КБЕ 19

в Филиале АО «АТФ Банк» г. Алматы:

БИК ALMNKZKA, БИН 721019401132

### **Условия подписки и размещение статьи:**

Обращаться в редакцию по адресу:

050050, г. Алматы, ул. Сатпаева, д.30 а, офис 62

Сайт: [www.tranzek.kz](http://www.tranzek.kz)

E-mail: [tranzit\\_ek@mail.ru](mailto:tranzit_ek@mail.ru), [aijan1910@mail.ru](mailto:aijan1910@mail.ru)

Телефоны: (727) 301 50 40, моб. (701) 373 93 26

ISSN 2413-4953

Научно-практический  
журнал  
«Транзитная  
экономика»

Издается с июля  
1997 года  
Учредитель:  
ИП «Ханшайым»

Главный редактор  
Айжан Асилова

Редационный совет:

Узан Искаков

(Казахстан)

Асан Сатмурзаев

(Казахстан)

Жанар Аубакирова

(Казахстан)

Валентина Бондаренко

(Россия)

Петя Колева

(Франция)

Айгуль Садвакасова

(Казахстан)

Ерканат Темирханов

(Казахстан)

Жангельды Шимшиков

(Казахстан)

Раушан Азбергенова

(Казахстан)

Салима Барышева

(Казахстан)

Журнал  
зарегистрирован  
в Министерстве  
связи и информации  
Республики  
Казахстан  
Свидетельство  
№ 14503-Ж

## СОДЕРЖАНИЕ

### ВОПРОСЫ ТЕОРИИ

**Исаев И.И.**

Инфляция: мәні және байқалу  
формалары мен өлшеу көрсеткіштері ..... 4

### ГЛОБАЛЬНАЯ И РЕГИОНАЛЬНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ

**Көшенова Б.А., Асилова А.С.**

Кәсіпкерлік – ұлттық экономиканың  
жетекші күші..... 19

### МАКРОЭКОНОМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА

**Бекбалтина А.С.**

Управленческий учет: принципы  
формирования и эффективность  
внедрения.....29

**Шимшиков Ж.Е., Жанбозова А.Б.**

Сыбайлас жемқорлықпен күресте  
мемлекеттік басқару тиімділігін  
арттырудың маңызы ..... 36

### ИНСТИТУТЫ И ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ

**Барышева С.К., Дәулетқан Р.Д.**

Бухгалтерлерді дайындаудағы  
сертификациялаудың маңызы мен  
негіздері ..... 44

За содержание публикуемых в журнале авторских материалов и рекламы редакция ответственности не несет. Мнение автора не всегда совпадает с мнением редакции.

Подписной индекс  
75781

Формат 70x108 1/16.  
Бумага офсетная.  
Печать Riso. Тираж 500 экз.

Цена договорная.

050050, г. Алматы,  
ул. Сатпаева, д. 30-а,  
офис 62.

Тел.: (727) 301 50 40,  
моб.: (701) 373 93 26

www.tranzek.kz  
tranzit\_ek@mail.ru,  
aijan1910@mail..ru

Отпечатано в  
издательском центре  
журнала «Транзитная  
экономика»

© «Транзитная  
экономика»  
2014

**Бурлаков Л.Н.**

Эффективная модель госслужбы – основа  
противодействия коррупции ..... 50

**Сатмурзаев А.А., Сатмурзаев Н.А.**

К вопросу о принятии управленческих  
решений  
в корпоративном менеджменте..... 60

**Таубалдиева У.С., Заманбекова А.Б.**

Қазақстанға инвестицияларды тартудың  
қазіргі жағдайы..... 76

**Халитова М.М., Панзабекова А.Ж.**

Институциональные аспекты и  
инструменты  
гендерной политики в условиях  
индустриально-инновационного  
развития Казахстана.....83

Требования к содержанию  
и оформлению статей.....98

УДК 336

**Исаев И.И.**, доцент

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті  
Алматы қ.

## **ИНФЛЯЦИЯ: МӘНІ ЖӘНЕ БАЙҚАЛУ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӨЛШЕУ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

### **Түйін**

Бұл мақалада автор көпфакторлы экономикалық құбылыс ретінде инфляцияның мәнін, байқалу формалары мен өлшеу көрсеткіштерін ашық экономика жағдайында қарастырған. Экономиканың долларизациялану жағдайында Қазақстандағы инфляциялық процестің заңдылықтары, сыртқы және ішкі факторлары туралы талдау материалдары берілген. Автор резервтік ақшалардың бейтараптануына және коммерциялық банктердің ақша экспанциясы саясатын жүргізу кезіндегі резервтік тәуелсіздігіне байланысты Ұлттық банк тарапынан инфляцияны реттеудегі проблемаларды атаған.

**Түйін сөздер:** Классикалық банкнот, алтын стандарты, монеталық стопа, банкнота тезаврациясы, ақша эмиссиясы, несиелік экспансия, бағалардың индекстері, дефлятор, базалық инфляция, резервтік тәуелсіздік, несиелік ақшалар, резервтік ақшалардың бейтараптануы.

Инфляция латын тілінде «inflatio» – қабыну, ісіну деген ұғымды білдіреді. 1861-1865 жылдары азамат соғысын қаржыландыру мақсатында АҚШ-тың Федеральдық үкіметі бюджеттің тапшылығын жабу үшін алтынға айырбасталынбайтын банкноттар мен қазыналық билеттерді өте көп мөлшерде эмиссиялап айналысқа шығарды. Мұндай банкноттар мен қазыналық билеттерді – «гринбакс» (green backs) деп атады. Осы саяси оқиғаға байланысты 1864 жылы американдық экономисі А. Делмар ең алғаш рет инфляция терминін айналысқа енгізген. Қазіргі кезде ауызекі долларды бакс деп атау «гринбакс» (жасыл арқа) терминінің негізінде пайда болса керек.

Еуропада «инфляция» термині ХХ ғасырда бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. Ал Кеңес Үкіметі кезінде «инфляция»

деген ұғым 1920 жылдың екінші жартысынан бастап қолданыла бастаған. Егер ақшаның пайда болу тарихына терең көз жүгіртсек «инфляция» термині ақшаның құнсыздануы, төлем қабілетінің төмендеуі, бағаның өсуі туралы ұғым ретінде монета формасындағы ақшаның пайда болуымен қатар қолданыла бастаған. Толық құнды монеталардың орнына толық құнсыз, бірақ сол толық құнды монеталардың номиналдық дәрежесімен теңбе-тең монеталарды билік өкілдерінің айналысқа жасырын шығаруымен байланысты инфляция алғаш рет байқала бастады. Күміс монеталардың орнына номиналын сақтап мыс монеталарын шығару да ақшаның құнсыздануына және инфляцияның пайда болуына әкеліп соқты. Мыс монеталар әбден құнсызданды және инфляция өсті. Бұдан биліктегілер ғана пайдаға кенелді. Монеталық стопаның төмендеуі де инфляцияға себеп болды. Алтынның немесе күмістің белгілі бір салмақ мөлшерінен құйып шығаратын монетаның санын монеталық стопа деп атайды.

Алтын стандартына негізделген ақша жүйесі салыстырмалы түрде тұрақты болып, қоғам инфляциядан көп зардап шекпеді. Алтын стандартына негізделген ақша жүйесінде инфляциялық процесс тек қана айналыс сферасымен шектелген факторлармен байланыстырылды. Ақша массасы мен тауар массасы арасындағы тепе-теңдік ақша айналысының заңдылықтарына сәйкес стихиялы түрде реттелінді. Міне, осылайша ақша массасы мен тауар массасының өзара сәйкестігі мемлекеттің араласуынсыз-ақ реттелді. Ақша жүйесінің классикалық банкноттар айналысына негізделген типі де осы заңдылықтарға бағынды. Себебі айналыстағы классикалық банкноттар алтынмен қамтамасыз етілгендіктен еркін тезаврацияланды (банкноттың тезаврациясы – эмитенттің кассаларына қайта келіп жиналуы). Алтын стандартына негізделген ақша жүйесі толық құнсыз несиелік және қағаз ақшалар жүйесіне ауысқаннан кейін инфляциялық процесс қоғам дамуының тұрақты әлеуметтік, экономикалық және саяси құбылысына айналды. XVIII-XIX ғасырларда және XX ғасырдың басында бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін инфляция жекелеген мемлекеттерде ғана пайда болып, бүкіләлемдік экономикалық құбылысқа айналған жоқ. Мысалы, Францияда 1789-1791 жылдары француз революциясы кезеңінде, Англияда XIX ғасырдың басында Наполеонмен соғыс жылдары мемлекет көлемінде инфляцияның күрт өсуі байқалып, ақша айналысы тұрақсызданды. Ал алтын монометаллизміне көшкен мемлекеттерде ақша жүйесінде біраз уақыттар бойы тұрақтылық орнады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін алтын монометаллизм стандарты күйреп, қағаз ақшаның белгілі бір бағаммен алтын монетаға еркін айырбасталуы тоқтаған соң, мемлекеттің инфляцияға қарсы

іс-шараларының бәрі дәрменсіз болып, ақша айналысын тұрақтандыру мүмкін болмай қалды. Алтынмен байланысын үзген қағаз және несиелік ақшалар тез құнсызданатын болды. Ақша жүйесі қағаз және несиелік ақшалар айналысы жүйесіне негізделген типіне енгеннен соң инфляциялық процеске мемлекеттің араласуына объективтік жағдайлар туды. Мемлекеттің іс-әрекеттері инфляцияны тежеуші күшке емес тіпті инфляцияны тудыратын себепке айнала бастады. Осыған байланысты инфляциялық процестің мәні экономиканың циклді дамуымен байланысты жаңа сипатқа ие бола бастады. Дегенмен, қазіргі кезде инфляциялық құбылыстың мәнін экономиканың циклді дамуының классикалық схемасы шеңберінде түсіндіру мүмкін болмай қалды. Инфляциялық процесс жаһандық құбылысқа айналды. Қазіргі инфляция шын мәнінде барлық мемлекеттерге тән интернационалдық экономикалық құбылыс. Батыс ғалымдарының еңбектерінде қазіргі инфляцияның мәні туралы әртүрлі анықтамалар берілген. Мысалы, К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю, К. Эклунд инфляцияны экономикада бағаның жалпы деңгейінің жоғарылауымен байланыстырса, П. Хейне – ақшаның құнының немесе төлем қабілетінің төмендеуі деп инфляцияға анықтама берген. Ал монетаристер инфляцияны айналыста артық ақша массасының пайда болып, тауар бағаларының тұрақты өсуімен ғана байланыстырады.

1930 жылдары экономика ғылымында айналыс сферасының қажетінен тыс ақша белгілерін шығарудың нәтижесінде артық қағаз ақша массасының пайда болуы инфляцияны тудыратындығы жөнінде көптеген зерттеулер жарық көрді. Ал 1940 жылдары инфляцияны қағаз ақшаның құнсыздануынан деген ғылыми көзқарастар басым болса, 1950 жылдары айналысқа қажетті алтын ақша мен сол алтынның ізбасары болып табылатын қағаз ақшалардың арасындағы сәйкессіздік – инфляцияның негізгі себебі деген концепциялар ғалымдар арасында пікір-сайыстың арқауына айналды. XX ғасырдың 60-70 жылдары инфляцияның мәніне және мазмұнына қатысты ғылыми зерттеулерде толық анықтама берілді деп айтуға болады. Қазіргі инфляция – айналыстағы ақша массасы мен оған деген қажеттіліктің, мемлекеттің табысы мен шығысының, сұраныс пен ұсыныстың, әртүрлі өндіріс салаларының арасындағы диспропорцияның және қаржы секторы мен өндіріс секторының өзара ықпалдастығының нәтижесінде пайда болатын күрделі әрі көп факторлы әлеуметтік-экономикалық процесс.

Инфляцияның макро- және микроэкономикалық деңгейде байқалу формалары да әртүрлі. Солардың ішінде ең анық байқалатыны тауарлардың бағаларының өсуі және ұлттық валютаның құнсыздануы.

Қазіргі кезде экономикадағы дағдарысты және ақша айналысындағы тұрақсыздықты тек бағалардың динамикасына талдау жасап білуге болады. Бұдан шығатын қорытынды: инфляция – ақша феномені. Бірақ баға тауар мен ақшаның арасын байланыстырушы буын. Инфляция кезінде тек тауардың бағасы ғана емес, соны өлшейтін ақшаның да «бағасы» өзгереді.

Жоспарлы экономикада инфляция бағаның өсуінен байқалған жоқ. Мемлекет өз тарапынан әкімшілік әдіспен бағаның өсуін екіжақты жасанды түрде тежеп отырды. Бір жағынан өндірістік шығындарды қатаң бақылауға алса, ал екінші жағынан ішкі тұтыну сұранысын тұрақты бөлшек сауда бағалары арқылы шектеп отырды. Ал бұлар өз кезегінде экономиканың дамуына, тиімділігінің артуына, өндірістік технологияның жетілуіне кедергі болып, ақырында тауар тапшылығын туғызды.

Бағаның кез келген өсуін инфляцияға жатқызуға болмайды. Егер экономикада ақша массасының өсуіне сәйкес өндірілген тауарлардың көлемі өспесе, әрине, бұл инфляциялық процеске жатады.

Ғылыми әдебиеттерде мынадай жағдайларда бағаның өсуін инфляцияға жатқызбайды:

– экономикалық циклдың өндірістің қарқынды даму фазасында тауарды ұсыну артады, тауарды сатудың көлемі еселенеді. Сонымен қатар халықтың табысының өсу қарқыны тауардың өсу қарқынынан да жоғары болады. Осының нәтижесінде тауарды ұсынудан гөрі тауарға деген сұраныс басым болып, баға өседі. Әрине бұл айналыстағы артық ақша массасының нәтижесі емес, бағаның конъюнктуралық өсуі;

– геологиялық жағдайдың қиындауына байланысты тау-кен өндірісінде шикізат ресурстарының қымбаттауының нәтижесінде бағаның өсуі;

– қуаңшылық жағдайға байланысты астықтың бағасының өсуі;

– алтынның нарықтағы құнының төмендеуінің нәтижесінде бағаның өсуі;

– өнімнің сапасының және оны өндірудің техникалық деңгейінің жоғарылауының нәтижесінде қоғамның тұтыну талғамының артуына байланысты бағаның өсуі.

Егер бағаның өсуін және инфляцияның пайда болуын тек қана экономикада артық ақша массасымен түсіндіретін болсақ, онда жоғарыда аталған себептерге байланысты бағаның өсуі инфляцияға жатпайды.

Әрине, шамадан тыс ақша эмиссиясы айналыста ақша массасын көбейтіп, ақша бірлігін құнсыздандырып тауар бағаларының



өсуіне әкеп соғары сөзсіз. Ақша массасы мен тауар массасының арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы – инфляцияның басты себебі. Бірақ, инфляцияның ең негізгі көрсеткіші – бағаның тұрақты өсіп отыруын монетарлық фактормен ғана түсіндіру жеткіліксіз. Бағаны өсіретін және инфляцияны тудыратын монетарлық факторге жатпайтын өндірістік факторларда бар. Оларға жататындар:

- өндірістік материалдық шығындардың қымбаттауы;
- тауар өндіруге жұмсалатын еңбек шығынының қымбаттауы;
- еңбек өнімділігінің төмендеуі;
- монополияның күшейіп, басекенің әлсіреуі;
- өндірістегі маусымдық факторлар.

Инфляцияның екінші байқалу көрінісі – ұлттық валютаның шетел валютасына қатысты құнсызданып, бағамының төмендеуі. Әрине, валюта бағамының өзгеруіне көптеген факторлар әсер етеді. Солардың ішіндегі ең негізгісі – ұлттық экономикадағы құрылымдық диспропорция. Егер экономикада ауыр өнеркәсіп, құрылыс, шикізат өндіруші салалар басымдылықпен дамып тұтыну тауарларын өндіру артта қалса, әрине, жоғарыда аталған экономика салаларының табысы мол жұмысшылары тұтыну нарығында қосымша сұраныс туғызып бағаның өсуіне себеп болады. Ал Қазақстанда өндірістік сектор мен қаржы секторының арасындағы еңбекақы мен еңбек өнімділігінің диспропорциясы инфляцияның тоқтаусыз өсуіне қосымша ықпал етіп отыр. Тұтыну тауарларын ұсынадан гөрі оларға деген сұраныс басым түседі. Бұл жағдай экономиканың жеткілікті деңгейде әртараптандырылмағандығының нәтижесі. Тұтыну нарығында отандық өндірушілердің тауарлары аз болған сайын ұлттық валюта құнсыздана түседі және оның бағамы шетел валютасына тәуелді болады.

Ұлттық экономикадағы құрылымдық диспропорция тұтыну тауарларын өндіруге жұмсалатын шығындарды арттырады. Сөйтіп, осылайша тауар бағаларының тағы да өсе түсуіне жағдай жасайды. Ұлттық валютаның бағамы экспорт пен импортқа, төлем балансының тепе-теңдігіне байланысты. Егер инфляция ұлттық валютаның құнсыздануымен анықталса, ал ұлттық валютаның бағамы сыртқы және ішкі факторлармен анықталады.

Қазіргі кезде инфляция жаһандық процеске айналды. Дүниежүзілік экономикалық деңгейде капиталдың шоғырлануы, халықаралық еңбек бөлісінің тереңдеуі, мемлекетаралық сауда-саттықтың дамуы, трансұлттық корпорацияның пайда болып және олардың халықаралық қаржы капиталына ықпалы, дүниежүзілік несиелік институттардың қызметі жекелеген елдердің экономикасын дүниежүзілік экономика-

мен тығыз байланыстырып, инфляцияны ғаламдық экономикалық құбылысқа айналдырды. Сондықтан бүгінгі таңда инфляцияны тек ұлттық проблема деп қарастыруға болмайды. Инфляция – ұлтаралық проблема. Әлемдік инфляциялық процестің жекелеген елдердегі ұлттық инфляцияға әсері үш түрлі жолмен беріледі:

- орталық банкте шет ел валютасын ұлттық валютаға айырбастау арқылы;
- экспорттық және импорттық бағалардың өсуі арқылы;
- коммерциялық банктердің шет елдің капитал нарығынан алған қарызы арқылы.

Шет ел валютасын ұлттық валютаға айырбастау айналыста қосымша ақша эмиссиясын туғызады. Осының нәтижесінде коммерциялық банктердің шоттарында ұлттық валютамен номинацияланған артық ақша массасы пайда болады. Мұндай ақшалар депозиттік мультипликатордың базасына айналып, өндірістік активтермен қамтамасыз етілмеген ақша массасының өсуіне әкеп соғады. Экспорттық және импорттық бағалардың өсуі де осылайша ұлттық ақша эмиссиясына ықпал етеді.

Коммерциялық банктердің шетелдік капитал нарығынан тартқан қарыз ақшалары несиелік экспансияға серпін беріп, ақша массасының еселенуіне және ұлттық валютаның құнсыздануына жол ашып, елде инфляция күшейеді.

Инфляцияны асқындыруда, әсіресе, шетелдік спекулятивтік капиталдың мемлекетаралық миграциясы қауіпті. Себебі спекулятивтік капитал қай елде ақша айналысы тұрақты, проценттік ставка жоғары, ақшасы құнды болса, сол елге қарай ағылады да қосымша инфляциялық сұраныс туғызып, бағаны өсіреді.

Инфляцияның өсу қарқынын уақыт бойынша ай сайын есептеп отырады, ал жыл сайын инфляцияның деңгейін анықтайды. Қазақстанда инфляцияның көрсеткіштерін есептеумен Қазақстан республикасының статистика агенттігі айналысады. Белгілі бір кезең аралығында (ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын) инфляцияның өсуін өлшеу үшін нарықта сатылған тауарлар сапасы, саны, пайдаға жарату мақсаты, техникалық сипаттамалары жағынан бір-бірімен салыстырмалы болуы керек. Инфляция динамикалық процесс және үнемі өсіп отырады. Инфляцияның сандық өлшемінің көрсеткіші – бағалардың индексі. Бағалардың индексінің бірнеше түрлері бар. Бағалардың индексі инфляцияны өлшеу үшін ең алғаш рет бірінші дүниежүзілік дағдарыс қарсаңында қолданылды. Бағалар индексі (Consumer Price Index, CPI) белгілі бір кезең аралығында бағаның орташа деңгейінің салыстырмалы өзгеруін анықтайды. Бағалардың индексі бірнеше

тауарлардың бағаларының негізінде есептеледі. Ол үшін бағаларын салыстыратын тауарлардың құрамы, сапасы, тұтыну құны тұрақты болуы шарт. Бөлшек сауда нарығындағы тауарлар бағаларының индексі немесе қысқаша тұтыну бағаларының индексі инфляцияның ең негізгі көрсеткіші ретінде АҚШ-та 1919 жылдан бастап қолданылады. АҚШ-тың Еңбек департаменті тұтыну тауарларының бағаларының индексін ай сайын жариялап отырады. Тұтыну тауарларының бағаларының индексі инфляцияның динамикасын және деңгейін есептеп шығаруда қолданылатын негізгі көрсеткіштердің бірі болып саналады.

Инфляцияның өсуін анықтау үшін тәжірибеде кең тараған көрсеткіштердің бірі – бөлшек сауда нарығындағы тұтыну тауарларының бағаларының индексі – формула арқылы анықталады. Бөлшек сауда нарығындағы халық тұтынатын тауарлардың бағасы адамдардың талғамына, техникалық прогреске және ақша массасына байланысты өзгеріп отырады. Бөлшек сауда нарығындағы тауарлардың бағаларының индексі немесе қысқаша айтқанда тұтыну бағаларының индексі былайша анықталады:

$$i = \frac{\sum p_1 \cdot q_0}{\sum p_0 \cdot q_0} * 100\%. \quad [1]$$

Мұндағы:  $i$  – тұтыну тауарларының бағаларының индексі немесе тұтыну бағаларының индексі;

$P_1$  – есеп беру немесе ағымдағы кезеңдегі тұтыну тауарларының бағасы;

$P_0$  – өткен немесе базалық кезеңдегі тұтыну тауарларының бағасы;

$q_0$  – өткен немесе базалық кезеңдегі тұтыну тауарларының физикалық көлемі.

Бұл [1] формуланы Ласпейрес индексі деп атайды. Инфляцияны өлшеу үшін бөлшек сауда нарығындағы тауарлар бағаларының индексі (Ласпейрес индексі) есептелінеді және осы индекстің өзгеру динамикасы инфляцияның өсуі жөнінде мәліметтер бере алады. Әдетте бір жыл ішіндегі инфляцияның өсу қарқыны ағымдағы жылдың желтоқсан айындағы инфляцияның деңгейін өткен жылдың немесе базалық кезеңнің желтоқсан айындағы инфляцияның деңгейімен салыстыру арқылы анықталады.

Бағаларының индексін есептейтін тауарлар мен қызметтердің топтамасын тұтыну корзинасы деп атайды. Тұтыну корзинасына тауарлар және ақылы қызметтер кіреді. Қазіргі кезде Қазақстанда тұтыну корзинасына енген тауарлар мен ақылы қызметтердің 508 түрі

бар. Солардың ішінде 167 – азық-түлік тауарлары, 252 – азық-түлікке жатпайтын тауарлар және 89 – ақылы қызметтер. Әуелі тұтыну корзинасына кіретін әрбір тауардың бағасының жеке индексі, одан кейін тауарлар тобының индексі анықталады. Ең соңында барып тұтыну корзинасына кіретін барлық тауарлар мен қызметтердің бағалары мен тарифтерінің жиынтық индексі есептеледі. Тұтыну бағаларының осылайша есептелген жиынтық индексі тұтыну тауарларының бағаларының, қызметтерге белгілеген тарифтердің ай сайын, тоқсан сайын және жыл сайын өзгеруін көрсетеді. Қазақстан Республикасында 2003-2013 жылдар аралығында тұтыну бағаларының индексі қалай өзгергенін төменгі кестеден көруге болады.

1-кесте. Тұтыну бағаларының индексі (жыл соңында процентке шаққанда)

Жылдар	Алдыңғы жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда			
	Тауарлар мен қызметтер	Тауарлар		Ақылы қызметтер
		Азық-түлік тауарлары	Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	
2003 ж.	106, 8	107, 1	106, 9	105, 9
2004 ж.	106, 7	107, 4	103, 2	105, 9
2005 ж.	107, 5	108, 1	105, 9	108, 0
2006 ж.	108, 4	107, 3	107, 1	111, 6
2007 ж.	118, 8	126, 6	110, 5	115, 4
2008 ж.	109, 5	110, 8	105, 7	111, 4
2009 ж.	106, 2	103, 0	108, 6	108, 4
2010 ж.	107, 8	110, 1	105, 5	106, 8
2011 ж.	107, 4	109, 1	105, 3	107, 3
2012 ж.	106, 0	105, 3	103, 5	109, 3
2013 ж.	104, 8	103, 3	103, 3	108, 0

Ескерту – [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) мәліметтері негізінде автор құрастырған

Кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес 2013 жылдың желтоқсан айында 2012 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда тұтыну корзинасына кіретін азық-түлік тауарларының бағасы 103,3%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 103,3%-ке ал, ақылы қызметтердің бағасы 108%-ке өскен. Бір жыл ішінде тұтыну тауарлары мен ақылы қызметтердің бағаларының жиынтық индексін табу үшін мына формуланы қолданамыз:

$$i_{\text{ж}} = \sqrt[n]{i_1 * i_2 * i_3} * 100\%. \quad [2]$$

Мұндағы:

$$\begin{aligned} n &= 3, \\ i_1 &= 103.3 / 100 = 1.033, \\ i_2 &= 103.3 / 100 = 1.033, \\ i_3 &= 108 / 100 = 1.08. \end{aligned}$$

Сонда:

$$i_{\text{ж}} = \sqrt[3]{1.033 * 1.033 * 1.08} = 1.048 * 100 = 104.8\%$$

немесе 104, 8% – 100% = 4, 8%.

Осылайша әрбір жылдың желтоқсан айында алдыңғы базалық жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда инфляцияның қанша процентке өскенін есептеуге болады. Әрине, бір жылдың ішінде 12 ай бары белгілі. Сондықтан бір жылдық инфляцияның индексі ай сайынғы инфляция индексінің капитализациялануының нәтижесі. Оны мына формуламен анықтауға болады:

$$i_{\text{ж.и.}} = (1 + i_n)^{12}; \quad [3]$$

$i_{\text{ж.и.}}$  – инфляцияның жылдық индексі;

$i_n$  – инфляцияның ай сайынғы индексі.

Егер инфляцияның жылдық индексі белгілі болса, ай сайынғы инфляцияның орташа индексін былайша табуға болады:

$$i_n = \sqrt[12]{i_{\text{ж.и.}}} - 1. \quad [4]$$

Мысалы: 2013 жылы  $i_{\text{ж.и.}} = 104,8$  немесе 1,048. Онда,  $i_n = \sqrt[12]{1.048} - 1$ ;  $i_n = 1,0039 - 1 = 0,0039$  немесе 0,39%.

Тұтыну бағаларының индексін есептеу инфляцияның деңгейін есептеуге мүмкіндік береді. Инфляцияның деңгейі ағымдағы кезеңдегі тұтыну тауарларының бағаларының өткен кезеңдегі тұтыну тауарларының бағаларымен салыстырғандағы өсу қарқыны. Инфляцияның деңгейі 1 жыл мерзім аралығында процентпен есептелінеді. Ол үшін мына формуланы қолдануға болады:

$$I_{\text{ин.дең}} = \frac{I_{\text{т.б.}}^1 - I_{\text{т.б.}}^0}{I_{\text{т.б.}}^0} * 100\%. \quad [5]$$

Бұл формулаға аздаған түрлендіру енгіземіз:

$$I_{\text{ин.дең}} = \left( \frac{I_{\text{т.б.}}^1}{I_{\text{т.б.}}^0} - 1 \right) * 100\%. \quad [6]$$

Мұндағы:  $I_{\text{ин.дең}}$  — инфляцияның өсу қарқыны;

$I_{\text{т.б.}}^1$  — есеп беру немесе ағымдағы кезеңдегі

инфляцияның индексі;

$I_{\text{т.б.}}^0$  — өткен кезеңдегі инфляцияның индексі.

Мысалы, 2013 жылы Қазақстанда инфляцияның деңгейі 2012 жылмен салыстырғанда қалай өзгергендігін былайша есептеп білуге болады:

$$I_{\text{ин.дең}} = \left( \frac{1,048}{1,06} - 1 \right) * 100\% = (0,988 - 1) * 100\% = -1,2\%.$$

2013 жылы инфляцияның деңгейі 2012 жылмен салыстырғанда 1,2%-ке төмендеген. Жоғарыда 1-кестеде 2007 жылдың соңында инфляцияның процентпен есептегендегі индексі 118,8%-ке тең болған. Бұл осы жылы инфляцияның 18,8%-ке өскендігін көрсетеді. Басқа жылдармен салыстырғанда 2007 жылы инфляцияның жоғарғы қарқынмен өсуі осы жылы басталған әлемдік қаржы дағдарысымен байланысты. Ал қалған жылдары Ұлттық банк пен ҚР Үкіметінің әлемдік қаржы дағдарысына қарсы ұйымдастырылған іс-шараларының нәтижесінде инфляцияның өсу қарқыны төмендей түскен.

Инфляцияның тағы бір ең маңызды көрсеткіштерінің бірі осы тұтыну бағаларының базалық индексі. ҚР Ұлттық банктің ақша-несие саясатының ең негізгі объектісі – тұтыну бағаларының базалық индексі. Тұтыну бағаларының базалық индексі ҚР Ұлттық банктің ақша несие саясатына байланысты. ҚР Ұлттық банкі өзінің ақша-несие саясатының болжамында ақша массасы, ақша базасы, экономиканы монетизациялау коэффициенті сияқты макроэкономикалық параметрлерімен қоса инфляцияның өсу қарқынының көрсеткіштерін де қолданады. Тұтыну бағаларының базалық индексі базалық инфляцияның өсу деңгейін көрсетеді. Базалық инфляция Ұлттық банктің ақша-несие саясатына тәуелді. Базалық инфляцияның индексін есептеу үшін тұтыну корзинасына кіретін тауарлар мен қызметтердің құрамынан бағалары көп жағдайда маусымдық фак-

торге байланысты өзгеретін және мемлекет тарапынан реттелініп отыратын тауарлар мен қызметтердің түрлері алынып тасталынады. Мұндағы мақсат Ұлттық банктің бақылауында болатын және ақша-несие саясаты арқылы нарықтық әдістермен реттеуге келетін тұтыну тауарларының бағаларының өзгеруін және инфляцияның динамикасын бөліп көрсету. Өйткені тұтыну корзинасындағы кейбір тауарлар мен қызметтердің бағаларының өзгеруі ақша-несие саясатына және экономикадағы ақша массасының өзгеруіне байланысты емес, керісінше, маусымдық факторға, монополиялық баға белгілеуге және т.б. әлеуметтік, психологиялық саяси факторларға байланысты болып келеді.

Халықтың қолындағы жұмсауға жарататын ақша массасының өсуі тұтыну корзинасындағы тұрақты тауарлар топтамаларының бағаларының өсуіне әсер етеді, керісінше, аталған тұтыну тауарларының бағаларының өсуі оларды өткізу үшін қосымша ақша массасының өсуін қажет етеді. Ұлттық банктің ақша-несие саясатының нәтижесі тұтыну бағаларының базалық индексінің өзгеруінде көрініс беруі керек. Тұтыну корзинасында қалған тауарлар мен қызметтердің бағаларының индексі базалық инфляцияның динамикасын көрсетеді.

Қазақстанда инфляция мен базалық инфляцияның салыстырмалы динамикасын мына кестеден көруге болады:

2-кесте. Қазақстанда 2003-2013 жылдардағы базалық инфляция (процентке шаққандағы өсім)

	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
Инфляция	6,8	6,7	7,5	8,4	18,8	9,5	6,2	7,8	7,4	6,0	4,8
Базалық инфляция	5,7	7,1	7	6,5	19,5	10,3	6,6	7,3	7,4	5,3	3,9
Ескерту – <a href="http://www.stat.gov.kz">www.stat.gov.kz</a> мәліметтері негізінде автор құрастырған											

Инфляцияны өлшеудің келесі маңызды көрсеткіші – көтерме сауда нарығындағы тауарлар бағаларының индексі немесе көтерме бағалардың индексі (Producer Price Index, PPI). Көтерме бағаларының индексі өндірістік мақсатқа пайдаланылатын шикізаттардың, жартылай фабрикаттардың, материалдардың, өндірісаралық тауарлардың бағаларының өзгеру динамикасын сипаттайды. Көтерме бағалардың индексімен тұтыну бағаларының индексі өзара тығыз байланысты және экономикада әртүрлі өндірістік сектордағы инфляцияның деңгейін көрсетеді. Көтерме сауда бағаларының өсуі бөлшек сауда

нарығындағы тауарлардың бағаларының өсуіне әсер етеді. Көтерме сауда тауарларының бағаларының индексі – тауар өндірушілердің өнімдерінің бағаларының индексі. Тауар өндірушілер өнімдерін көтерме сауда бағасымен өткізеді. Көтерме сауда нарығындағы бағалардың индексі де Ласпейрес формуласымен анықталады.

Макроэкономикалық деңгейде барлық тауарлардың бағаларының өзгеруін есептейтін бірден-бір көрсеткіш жалпы ішкі өнімнің дефляторы (GDR Deflator).

$$\text{Дефлятор} = \frac{\text{ЖІӨ-ң ағымдағы бағамен есептегендегі көлемі}}{\text{ЖІӨ-ң базалық бағамен есептегендегі көлемі}} \quad [7]$$

Қазақстанда ЖІӨ-нің дефляторының динамикасын төмендегі 3-кестеден көруге болады.

3-кесте. Қазақстанда ЖІӨ-нің дефляторы (процентке шаққандағы өсім)

	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
ЖІӨ-нің дефляторы	111,7	116,1	117,9	121,5	115,5	121,0	104,7	119,6	117,8	104,9
Ескерту – <a href="http://www.stat.gov.kz">www.stat.gov.kz</a> мәліметтері негізінде автор құрастырған										

Тұтыну бағаларының индексі (Consumer Price Index, CPI), тұтыну бағаларының базалық индексі (Consumer Price Basys Index, CPBI), көтерме сауда бағаларының индексі (Producer Price Index, PPI) және ЖІӨ-ң дефляторы (GDR Deflator) инфляцияның өзгеру динамикасы туралы толық мәліметтер бере отырып, Үкімет пен Ұлттық банк тарапынан инфляцияны тежеу шараларын ұйымдастыруға және ақшанесие саясатын инфляцияны таргеттеу мақсатына бұруға мүмкіндік береді.

Инфляцияны өлшеудің жоғарыда аталған көрсеткіштерінен басқа оларға қоса тағы да мына көрсеткіштерді есептеп шығаруға болады:

- күнделікті күн көріске жұмсалатын шығындардың индексі. Бұл индекс табыс пен шығыстың өсуінің өзара балансын көрсетеді;
- акцияның, қозғалмайтын мүліктің, қарыз капиталының бағаларының индексі;
- ұлттық валютаның бағамының өзгеруі және ұлттық валютаның төлем қабілетінің паритеті;

– индекс Паше: 
$$i_n = \frac{\sum p_1 q_1}{\sum p_0 q_1} * 100\% \quad [8]$$



Шетелдік тәжірибеде инфляцияны өлшеуде «Ереже-70» қолданылады. Бұл «Ереже-70» арқылы егер жыл сайынғы инфляцияның жылдық өсімі белгілі болса, қанша жылдан кейін баға екі есеге өсетіндігін есептеуге болады. Оны мына формуламен анықтайды:

$$ЖС = \frac{70}{ИЖӨ} . \quad [9]$$

Мұндағы: ЖС – жылдың саны;  
ИЖӨ – инфляцияның жылдық өсімі.

Мысалы, Қазақстанда 2013 жылдың аяғында инфляция (ИЖӨ) 4,8%-ке тең болды делік. Сонда қанша жылдан кейін бағаның деңгейі 2 есеге өсетіндігін білу үшін есептеу жүргіземіз:

$$ЖС = \frac{70}{4,8} = 15 \text{ жыл.}$$

Егер инфляцияның өсу қарқыны 4,8%-ке тең болса, онда 2028 (2013+15) жылы бағаның деңгейі 2013 жылғымен салыстырғанда екі есеге өседі.

Тұтыну бағалары мен көтерме сауда бағаларының индекстері бір-бірімен өте тығыз байланыста және индекстің екі түрі де импортталынған тауарлардың бағаларын қамтиды. Тұтыну бағаларының индексі мен дефлятордың бір-бірінен айырмашылықтары бар. Біріншіден, тұтыну бағаларының индексі мен дефляторды есептеп шығару үшін қолданылатын тауарлардың құрамы, құрылымы сан жағынан да, сапа жағынан да бір-бірімен сәйкес келмейді. Екіншіден, тұтыну бағаларының индексін есептеу үшін қолданылатын тауарлар топтамасының құрамы тұрақты және оның құрамында импорттық тауарлар да бар. Үшіншіден, жалпы ішкі өнімнің дефляторы тек қана отандық тауарлардың бағаларын қамтиды және дефляторды есептеу үшін қолданылатын тауарлардың құрамы үнемі өзгеріп отырады.

Импортталынатын тауарлардың бағалары неғұрлым жоғары болса соғұрлым тұтыну бағаларының деңгейі де жоғарылай түеді. Бұл инфляцияны импорттаудың бірден бір жолы. Импортталынатын тауарлардың бағаларын төмендетудің негізгі факторлары мыналар: экономиканы әртараптандыру, импортты алмастыру, ұлттық валютаның сатып алу қабілетін күшейтіп оның шетелдік валютаға қатысты бағамын жоғарылату.

Негізінен инфляцияның деңгейін Ұлттық банк реттеп отыруы керек. Бұл Ұлттық банктің негізгі мақсаты. Қазақстанда ақша массасының жартысына жуығы доллармен номинацияланып шын мәнінде қос валюталық ақша жүйесі орныққан. Осының нәтижесінде тұтыну нарығында теңге мен доллар ақшаның функцияларын үзеңгілес

атқаратындай экономикалық ахуал қалыптасқан. Тіпті тұтыну нарығының кейбір сегменттерінде ірі сомадағы сауда-саттықта транзакциялық операцияларды жүргізуде доллардың рөлі басым келіп баға белгілеуде, есеп айырысуда теңгені айналыстан ығыстырған. Қос валюталық ақша жүйесі қалыптасқан экономикада инфляцияның деңгейі көп жағдайда сыртқы факторларға байланысты. Бұл жағдай Ұлттық банктің ақша-несие саясатының негізгі мақсаты инфляцияны тежеп, төмендетуіне кері әсер етеді. Мұның басқа да проблемалары бар. Егер, шетел валютасын монетарлық орган ақша агрегаттарының құрамына енгізіп ақша агрегаттарының құрылымын күрделілендіре түссе, онда ақша агрегаттары іріленген сайын Ұлттық банктің ақша массасын реттеу мүмкіндігі әлсірей түседі. Себебі, қос валюталық ақша жүйесі қалыптасқан ашық экономикада коммерциялық банктердің резервтік тәуелсіздігі пайда болады да, Ұлттық банктің ақша массасын ақша базасы арқылы басқару мүмкіндігі шектеледі, оның орталық резервтік ақшалары бейтараптанады.

## **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Исаев И. И. Что такое инфляция и ее причинно-следственная связь//Я Руководитель. – № 6. – 2007.
2. Исаев И. И. Предложение денег и проблемы демонополизации денежного хозяйства//2-е Рыскуловские чтения: Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы. – 2007.
3. Исаев И. И. Инфляция и предложение денег//Я Руководитель. – № 1. – 2008.
4. Исаев И.И. Инфляция төңірегіндегі иллюзия//Айқын. – 26 қаңтар 2008.
5. [www. stat. gov. kz](http://www.stat.gov.kz)

**И.И. Исаев**, доцент

Казахский экономический университет имени Т. Рыскулова  
г. Алматы

## **ИНФЛЯЦИЯ: ЕЕ СУЩНОСТЬ И ФОРМЫ ПРОЯВЛЕНИЯ И ПОКАЗАТЕЛИ ИЗМЕРЕНИЯ**

### **АННОТАЦИЯ**

В данной статье автор рассматривает вопросы сущности, формы проявления и показатели измерения инфляции как многофакторного экономического явления в условиях открытой экономики. Даются

аналитические материалы о закономерностях инфляционного процесса в Казахстане, о внешних и внутренних факторах долларизации денежной массы, непосредственно влияющей на уровень инфляции. Автор отмечает проблемы регулирования инфляции Центральным банком в связи с нейтрализацией его резервных денег и резервной независимостью коммерческих банков при проведении политики денежной экспансии.

**Ключевые слова:** Классическая банкнота, золотой стандарт, металлическая стопа, тезаврация банкнот, денежная эмиссия, кредитная экспансия, индексы цен, дефлятор, базовая инфляция, резервная независимость, резервные деньги, кредитные деньги, нейтрализация резервных денег.

**I.I. Isaev**, professor (docent)  
Kazakh economic university after T. Ryskulov  
Almaty

## **INFLATION: ESSENCE, SHAPES OF MANIFESTATION AND INDICATORS OF MEASUREMENT**

### **SUMMARY**

In this annotation author reviews questions of essence, shapes of manifestation and indicators of measurement as multivariate economy appearance under the open economy conditions. There are analytical materials about confirmity with law of the inflationary process in Kazakhstan, about exterior and interior factors of the money mass's dollarization, directly influencing to inflation's level. Author marks problems of inflation's regulation by Central bank in connection with neutralization of its reserve independence of commercial banks with installation policy of monetary expansion.

**Keywords:** Classic bank-note, golden standard, metal foot, bank-note hoarding, money emission, credit expansion, price indexes, deflator, basic inflation, reserve independence, reserve money, credit money, neutralization of reserve money

УДК 332

**Көшенова Б.А.**, э.ғ.к., профессор  
**Асилова А.С.**, э.ғ.к., доцент  
Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық  
техникалық университеті Алматы қ.

## **КӘСІПКЕРЛІК – ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖЕТЕКШІ КҮШІ**

### **Түйін**

Мақалада ел экономикасындағы шағын және орта бизнесті дамыту жолдары қарастырылған. Шағын және орта бизнесті дамыту бойынша мемлекет басшылығымен қойылған негізгі мақсаттарға сәйкес қазіргі кезеңдегі кәсіпкерлікті жетілдірудің негізгі бағыттары, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамытудағы басты жетістіктің шарты мемлекеттің жан-жақты және тұрақты қолдауы анықталған.

**Түйін сөздер:** шағын және орта бизнес, депрессивтік аймақтар, бизнес-тренинг, субсидия, жеке кәсіпкерлік

Қазіргі жағдайда кәсіпкерлікті белсенді дамыту нақты бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін, көптеген елдердің мемлекеттік бағдарламаларының құрамдас элементі болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет экономиканы ынталандыруға және тиімді нарықтық механизмді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал, нарықтық экономикадағы шағын және орта бизнес – экономиканың өсу қарқынын, жалпы ұлттық өнімнің құрылымы мен сапасын анықтайтын жетекші сала. Кәсіпкерліктің барлық формаларын қолдау және ынталандыру бүгінгі күні Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы болып табылады, сондай-ақ елдің экономикасын дағдарысты жағдайдан шығаратын механизм ретінде қарастырылады.

Шағын кәсіпкерліктің басты артықшылығы – олардың ірі бизнес субъектілеріне қарағанда дағдарыс кезеңіндегі кедергілерге төтеп беруі мен кез-келген қиын жағдайға бейімділігі. Ал ірі фирмалар экономикадағы өзгерістерге тез жауап бере алмайды. Шағын және орта кәсіпорындар экономикадағы іс-әрекеттердің жалпы жағдайының инди-

каторына айналуға. Олар шаруашылық конъюктурасының өзгеруіне, салалардағы пайда нормасының төмендеуі немесе жоғарлауына жауап бере алады. Кәсіпорын қызметінің тоқтауы немесе жаңа кәсіпорындардың пайда болу толқыны монополияландырылмаған салада басталады және олар кейін күш жинай отырып ірі кәсіпорындарға ұласады. Өндірістің құлдырауы жағдайында ірі кәсіпорындар өз қызметін капитал экспортына бұрады. Бұл өзінің өнім өндіру және оны сату қызметін қайта қарастыруды қажет етеді. Ал шағын фирмалардың мұндай мүмкіндіктері бола бермейді. Олардың дағдарыс кезінде дамуы экономиканы сауықтырудың маңызды құралы болып табылады.

Біздің жағдайда шағын және орта бизнес ірі өндіріс кәсіпорындарының тоқтаусыз жұмыс жасауын қамтамасыз ететін байланыстырушы топ ретінде қызмет етуде. Экономикада шағын және орта бизнес кәсіпорындарының шешуші рөл атқаратын салалары бар. Олар: біріншіден, қызмет көрсету саласы, соның ішінде машиналар мен құрал-жабдықтарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсету; кеңес беру қызметтері; халыққа тұрмыстық қызмет көрсету, екіншіден, саудасаттық операциялары, сонымен қатар делдалдық қызметтер.

Шағын және орта бизнесті дамытудағы басты жетістіктің шарты мемлекеттің жан-жақты және тұрақты қолдауы болып саналады. Қолдау әртүрлі формаларда жүзеге асырылады: артықшылығы бар өнім түрлерін өндіруді ынталандыру; салық жеңілдіктерін ұсыну; жеңілдетілген банктік несиелеу; ақпараттық-кеңестік және ғылыми-техникалық орталықтарды құру; сақтандыру жүйесін дамыту; материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастыру; оған қоса арнайы заңнамаларды қабылдау мен олардың орындалуын қадағалау.

Кәсіпкерлік – экономиканы әртараптандырудың өзегі. Тәуекелдерді өз мойнына алуға, жаңа нарықтарды игеруге, инновациялар өндіруге дайын қуатты кәсіпкерлер тобын құру керек. Нақ осы кәсіпкерлер экономиканы жаңғыртудың қозғаушы күші болып табылады. ХХІ ғасырдағы Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық жаңғыртылуының стратегиялық алғышарттарының бірі кәсіпкерліктің құрылуы, оның дамуы болып есептеледі. Оған дамыған елдердің тәжірибесі негізінде жеке меншікке негізделген кәсіпкерлік халықтың, оның ішінде олардың экономикалық белсенді топтарының еңбекпен қамтылу деңгейін көтеруге мүмкіндік беретін құрал екендігіне көз жеткізілді.

Қазақстанның барлық аймақтарында кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамытуды және олар ұсынатын ақпараттық және кеңес беретін технологияларды қолдау инфрақұрылымының барлық субъектілерінің күшін біріктіру, олар ұсынатын қызметтерді стандарттау, орталықтандырылған алыс-беріс және осы саладағы шетелдік сәтті


тәжірибені қабылдау арқылы қамтамасыз ету бүгінгі өмір талабы екені ақиқат.

Кәсіпкерлікті оның ішінде, шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды. Атап айтқанда, салалық және өңірлік монополизм жойылады, нарықта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптасады. Нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлік жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарықтық экономиканың қажетті элементіне айналады.

Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. «Шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы. Экономикамызда шағын және орта бизнестің үлесі артқан сайын Қазақстанның дамуы да орнықты бола түсуде. Бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 млн-нан астам қазақстандық еңбек етеді. Бұл сектордағы өнім көлемі төрт жылда 1,6 есе өсті және 8,3 млрд. теңгені құрап отыр – делінген Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауында [1].

Жаһандық рейтингке сәйкес, Қазақстан бизнесті жүргізуге ең қолайлы жағдайы бар елдер тобына кіреді және біз бұл үрдісті өрістетуге тиіспіз. Шағын және орта бизнес – біздегі жалпыға ортақ еңбек қоғамының берік экономикалық негізі. Оны дамыту үшін жеке меншік институтын заңнамалық тұрғыда нығайтатын кешенді шешімдер қажет. Бизнесті дамытуға кедергі келтіретін барлық енжар құқықтық нормалардың күшін жою керек. Шағын және орта бизнес ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне айналуға тиіс».

Шағын бизнесті мамандандыруды келешекте оларды орта деңгейге көшіру перспективасымен дамыту шараларын қабылдау маңызды болмақ. Осы сектор субъектілерінің банкроттығының айқын механизмдерін енгізген жөн. Шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамуға тиіс. Сондықтан еліміздегі ірі өнеркәсіп орындары мен шағын кәсіпкерлердің арасында әріптестік қатынас орнату жолымен бәсекегеқабілетті нақты сектор құру үшін мемлекет кешенді іс-шаралар жүргізуі тиіс. Олар 1-суретте өрнектелген.



1-сурет. Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдай туғызуға бағытталған мемлекеттік іс-шаралар кешені  
*Ескерту* – авторлар құрастырған

Кәсіпорындар деңгейінде әдептілікті, әлеуметтік жауапкершілік, сәйкесінше сыбайлас жемқорлық элементтерін төмендетуге әкелетін мемлекеттік қызметкерлердің корпоративтік қызметін жоғарылататын маңызды элементтерге ерекше көңіл бөле отырып, кәсіпорындар жетекшілерінің экономикалық сауаттылығын арттыратын және кәсіпкерлердің инновациялық жаңалыққа талпынысын қолдайтын бағдарламаларды әзірлеу жүйесін енгізу керек. Осылайша, мемлекет бүгінгі күні кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің нарықтық экономиканың толыққанды қатысушысы ретінде өз қызметтерін жүзеге асыруларына қажетті жағдайды қамтамасыз етіп отыр. Шағын және орта кәсіпорындармен жұмыс істеуді көздейтін жалпыұлттық институттар

құрылуда. Кәсіпкерлерге атаулы қолдау көрсетуді жүзеге асыратын арнаулы «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қоры» құрылып, қазіргі кезде ол табысты жұмыс жүргізуде. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету үшін бірнеше мемлекеттік бағдарлама қабылданып, жүзеге асырылуда. Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және бизнестің билікпен арадағы іс-қимылдарының жаңа моделін құруға бағытталған «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР-ның заңы қабылданған.

Қазақстан әлемнің 126 еліне 200-ден астам өнім түрлерін шығарады екен. Яғни, ұлттық дәулетіміздің үштен бір бөлігі шағын және орта бизнестен құралады. Оның ішінде 2010 жылы 7%, өнеркәсіп өндірісі – 19% мөлшердің манайында. Ал, ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 40%-ті құрайтыны біздің ел үшін үлкен жетістік деуге болады. Сондықтан мемлекеттің араласуынсыз кедергілер жойылуы мүмкін емес, жалпы айтқанда нарыққа мемлекет араласпайтын болса, онда экономиканың алға өрлеуі мүмкін емес.

Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігі макро және микродеңгейде қалыптасатын факторларға байланысты. Микродеңгейде кәсіпкерліктің құрылуы мен дамуының шешуші факторы өндіріс көлемі, орындайтын жұмысы мен қызметінің көлемі болып саналады. Бүгінгі күні бизнес кәсіпорындарын ірі, орта, шағын деп бөлу қарастырылады. Шетелдік тәжірибеде қандай да болмасын тұрғыда шағын кәсіпорынның ірі кәсіпорынмен салыстырғанда елеулі артықшылығы бар. Кәсіпкерлікті келесідей топтастыру қарастырылған:

1. Шағын (50 адамға дейін);
2. Орта (51-ден 250 адамға дейін);
3. Ірі (250 адамнан астам).

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің – орташа жылдық жұмысшыларының саны 50-ден, ал активтерінің құны жылына 60 еселік есептік көрсеткіштен аспайтын, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлға құрамындағы жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар болуы керек.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі өз қызметін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға формасында жүргізе алады.

Жеке кәсіпкерліктің екі типі бар:

- жеке бір тұлғаның өз кәсібі;
- біріккен ұжымдық кәсіпкерлік.

Жеке кәсіпкерлікті тұлға өзі ғана жүзеге асырады, ал біріккен деп бір немесе бірнеше кәсіпкердің бірігіп жүргізетін бизнесі айтылады.

ҚР-ның Азаматтық кодексінің 10-тарауына сай біздің елде біріккен кәсіпкерліктің келесідей формалары бар:



1. Ері мен зайыбының ортақ мүлкі негізінде жүргізілетін ері мен зайыбының кәсіпкерлігі;

2. Шаруа қожалығының ортақ мүлкі негізінде жүргізілетін отбасылық кәсіпкерлік;

3. Кәсіпкерлік қызмет біріккен үлестік меншік негізінде жүргізілетін жай серіктестіктер [2].

1997 жылдан бастап республикада кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық-экономикалық және құқықтық шараларды кезекпен жүзеге асыру шаралары жүргізілуде. Соның бірі және бірегейі жеке бизнесті мемлекеттік мүдденің бір саласы ретінде қолдау заңының қабылдануы [3].

Осы заңның негізінде шағын бизнестің тиімді жұмысы үшін көптеген нормативтік актілер қабылдануда:

– жылжымайтын мүлікті және жерге құқықты тіркеудің жеңілдетілген тәртібі туралы;

– шағын бизнес субъектілерін тіркеу процедурасының өзгеруі туралы;

– тіркеу кезінде төленетін алым сомасының төмендеуі, типтік жарғы енгізу;

– өндірілген өнім сапасын анықтау мен сертификаттаудың жеңілдетілген тәртібі туралы;

– мемлекеттік органдар тарапынан бақылаушы және тексерушілердің санының күрт азаюы туралы;

– бухгалтерлік есептің жеңілдетілуі туралы;

– шағын бизнес субъектілерін екінші деңгейдегі банктердің 10%-тік міндетті несиелендіру тәртібін бекіту туралы;

– шаруа (фермер) қожалықтары үшін салық салудың патенттік жүйесін енгізу туралы.

Сондай-ақ, кәсіпкерлік субъектілерінің барлығы міндетті түрде оның мүшесі болуы үшін 2013 жылдың шілдесінде «Кәсіпкерлердің ұлттық палатасы туралы» ҚР-ның заңы қабылданып, қазіргі кезде палатаға мүше болып 1 млн. 600 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектілері кірген. Оның 20000-ы, орта бизнеспен шұғылданушылар. Сонымен бірге бизнес құрылымдарды біріктіру мақсатында 2005 жылы құрылған «Атамекен одағының» 227 мүшесінің жартысынан көбі республикалық, салалық және аймақтық бизнес-ассоциациялар. Олар тек ірі қалалардағы, аудандардағы кәсіпкерлерге әдістемелік көмек көрсетіп қана қоймай, алыс ауылдардағы кәсіпкерлерге әртүрлі салаларды қолдауға бағытталып қабылданған 46 мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін кеңінен түсіндіруде [4].

Аса көңіл бөлетін жағдай, «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік

қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» Президенттің 2014 жылдың 27 ақпандағы № 757 жарлығына сәйкес, 2 сәуірден бастап, 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін шағын және орта бизнес субъектілеріне тексеру жүргізуге мораторий жарияланды. Сонымен бірге мемлекеттік бақылауды жетілдіру саласында «Жоспарлы тексеріс жүргізу тәжірибесі туралы» нормативтік акт тоқтатылатын болды. Мемлекеттік органдар тексерістерді айқындаудың объективті, әлемдік стандарттарға сай жүйесін әзірлеуде. Осы жүйеге сәйкес, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап шын мәнінде тек заңнаманы бұзу ықтималдығы жоғары кәсіпкерлерге ғана тексеріс жүргізіледі. Егер кәсіпкер заңның барлық талабын орындайтын болса, тексеруші органдар оған мүлде бармауға тиіс [5].

«2020 жылға дейінгі бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың келесі түрлерін беру көзделген:

- несиелер бойынша проценттерді төлеуге кететін шығындарды субсидиялау;
- несиелерге кепілдік беру;
- өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау;
- бизнес жүргізуді сервистік қолдау (консалтингтік қызметтер, заңгерлік және бухгалтерлік қызмет көрсету және тағы басқалары);
- кадрларды даярлау.

Жүргізілетін әдістердің негіздемелі болуы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл болашақтағы жұмыс орындарының санын анықтауға мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибеде мұндай жіктеуді жүргізу үшін 3 негізгі әдіс қолданылады. Оның ішінде ең орындысы «сандық» әдіс болып саналады. Аталған әдіске сәйкес келесі критерийлері бойынша кәсіпорын көрсеткіштері негізінде белгілі бір топқа қосу қарастырылған:

- еңбекпен қамтылған адамдардың саны;
- жиынтық және тауарлы өнім көлемі;
- активтердің баланыстық құны.

Осы әдістер біздің елімізде де шағын бизнес кәсіпорындарының шаруашылық қызметінің нәтижелерін бағалауда және оңтайлы көлемін анықтауда қолданылатын мөлшерлемелік актілердің негізіне алынған. Мысалы, ҚР-ның 1997 жылдың 19 маусымындағы «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Заңына сәйкес шағын бизнес субъектісі жылдық орташа қызметкерлерінің саны 50 адамнан аспайтын және активтерінің жалпы құны жылына 60 мың есептік көрсеткіштен аспайтын кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлға болып саналады.

Жүргізіліп отырған шаралар өзінің жағымды нәтижелерін беруде. Біріншіден, өнім, жұмыс, қызмет көлемінің өсуінен шағын бизнес субъектілерінің саны барынша өсті. Екіншіден, жалпы экономикалық өсудің жоғары қарқынына, аграрлық сектордың дамуына, барлық меншік формаларындағы тауар өндірушілер арасында бәсекелік ортаның қалыптасуына ықпал етуде.

Қазақстан Президенті кәсіпкерлік экономиканың нақты қозғаушы күші екенін атап өтті: «Шағын және орта бизнес – орта таптың берік іргетасы. Жалпы алғанда, бұл секторда оң қарқын байқалып отыр: өткен жылдың қорытындысы бойынша бизнеспен айналысатындар саны 8%-ке артып, 2,6 млн адамға жетті, ал шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері шығарған өнімдер 9 трлн теңгені құрап, жылдық өсім көрсеткіші 3,3% болды» [6].

Сонымен қатар оң үрдістермен бірге жағымсыз жайттар да орын алып отыр. Соңғы жылдарда экономикадағы шағын және орта бизнестің үлесі ішкі жалпы өнімнің 17%-і деңгейінде. Кәсіпкерлік субъектілерінің саны көп екеніне қарамастан, республикалық бюджет төлемінің 70%-ін небәрі 400 салық төлеуші ғана қамтамасыз етеді. Ал бұл барлық бизнесмендердің 0,2%-і ғана. Негізгі капиталға деген ішкі жеке инвестицияның өсу қарқыны ІЖӨ-нің өсу қарқынынан қалып келеді. Егер дағдарыс кезеңіне дейін олардың ІЖӨ-дегі үлесі 18,4%-ті құраған болса, 2013 жылдың қорытындысы бойынша небәрі 13%-ті құраған. Шетелдік тікелей инвестициялар ағыны 2013 жылы 9,7 млрд-ты құрады, бұл 2012 жылғы көрсеткіштен 4 млрд-қа кем.

Президент соңғы жолдауында Ұлттық қордан 1 трлн теңге бөлінетінін атап өтті. Тек биылдың өзінде экономикаға 500 млрд теңге бөлінеді. Соның 100 млрд теңгесі шағын және орта бизнеске, 250 млрд теңгесі проблемалы несиелерді шешуге, 150 млрд теңгесі индустрияландыру жобалары мен олардың инфрақұрылымдарына жұмсалады.

Қорыта келгенде, Қазақстанда құрылған шағын және орта бизнес субъектілерінің дамуы экономикалық реформаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарды. Ал, кәсіпкерліктің жоғары деңгейде дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан белгілі бір дәрежеде қолдау көрсетілуде. Жалпы шағын және орта бизнес экономикалық белсенділігі мен әлеуметтік бағдар ұстауының кепілі оның өздігінен қоғамның орташа топтарына жататындығы емес, оның дәулеті мен тұрмысының нақты шынайы меншікке негізделуі болып табылады.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ, 17 қаңтар 2014 ж.
2. ҚР-ның Азаматтық кодексі, 10-тарау. – 1 шілде 1999 ж.
3. «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы ҚР-ның Заңы, 10-тарау. – 19 маусым 1999 ж.
4. Идти в перед. Добиваться большего. Газета «Аргументы и факты Казахстан». – № 6. – 2014 ж.
5. Шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий жарияланды. «Экономика» газеті. – № 13 (342). – 3-9 сәуір 2014 ж.
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 11 қараша 2014 ж.

**Б.А. Кушенова**, к.э.н., профессор

**А.С. Асилова**, к.э.н., доцент

Казахский Национальный технический университет

г. Алматы

## ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО – ВЕДУЩАЯ СИЛА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ

### АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются способы развития малого и среднего бизнеса в экономике страны. Согласно основным целям государства по развитию малого и среднего бизнеса, всесторонняя и постоянная поддержка государства является основным направлением развития нынешнего предпринимательства и условием основных достижений по развитию предпринимательства.

**Ключевые слова:** малый и средний бизнес, депрессивные регионы, бизнес-тренинг, субсидия, частное предпринимательство

**B.A. Kushenova,**  
Candidate of Economics, associate professor  
**A.S. Assilova,** Candidate of Economics, associate professor (docent)  
Kazakh National technical university  
Almaty

## **BUSINESS IS LEADING POWER OF NATIONAL ECONOMY**

### **SUMMARY**

The article is concerned with developmental pathway of small and medium business. According to the basic objectives of the government in the development of small and medium-sized businesses, a comprehensive and continuous support of the government is the main focus of the current business and the condition of the main achievements in the development of entrepreneurship.

**Keywords:** small and medium business, depressive regions, business-training, subsidy, private enterprise.

УДК 657.002

**А.С. Бекбалтина**, магистрант,  
специальность «Учет и аудит» КазНПУ им. Абая  
Алматы қ.

## УПРАВЛЕНЧЕСКИЙ УЧЕТ: ПРИНЦИПЫ ФОРМИРОВАНИЯ И ЭФФЕКТИВНОСТЬ ВНЕДРЕНИЯ

### Аннотация

Данная статья раскрывает сущность управленческого учета и различные мнения ученых о необходимости его внедрения в бухгалтерскую систему организации. Управленческий учет как инструмент и средство нормирования, планирования, аккумуляции, контроля, анализа, оказывающих помощь руководству в прогнозировании на перспективу в установлении координации за исполнением оперативных планов, и оценки эффективности управления производственной деятельностью.

**Ключевые слова:** управленческий учет, учет затрат, производственный учет, внутренний учет, производство.

Необходимость формирования на фирме или организации управленческого учета возникла вследствие недостатков традиционной финансовой бухгалтерии в виде бухгалтерской отчетности, которая не дает полной информации для прогноза хозяйственной деятельности и принятия оперативных управленческих решений, тем более для управления по сферам деятельности (каждым процессом) поскольку хронически устаревают и лишены оперативности.

Руководство и менеджеры фирм заинтересованы в большей степени в информации, относящейся к «доходам и факторам, их увеличивающим (снижение себестоимости готовой продукции, увеличение величины положительных конечных результатов)», а инвесторы и кредиторы «больше интересуется факторами эффективного управления, привлеченными инвестициями». «В связи с чем возникла необходимость деления бухгалтерского учета для подготовки и предоставления информации управленцам на управленческий учет и для учета затрат и исчисления себестоимости на производственный учет.

Адаптация учета затрат, осуществляемая «производственным учетом», предоставляя информацию о затратах для нужд управления, привела к появлению нового термина «управленческий учет». Вместе с тем, каковы бы ни были подходы к обоснованию сущности управленческого учета, экономическая литература признает точку зрения о том, что управленческий учет – это детализированный продукт системы финансового учета и производственного учета. Более того, сущность управленческого учета можно определить как интегрированную систему учета затрат и доходов, нормирования, планирования, контроля и анализа, которые систематизируют информацию для оперативных решений и координации проблем будущего развития фирм и организации.

Международные стандарты бухгалтерского учета выражают следующие определения: «Управленческий учет может быть определен как процесс становления, измерения, сбора, анализа, подготовки, интерпретации и сообщения информации (одновременно финансовой и операционной), используемый управленческим звеном для планирования, оценки и контроля работы организации и для уверенного использования отчетности по ресурсам».

К. Друри считает, что «управленческий учет» означает подготовку информации, необходимую для осуществления деятельности управленческого характера, такой, как принятие решения, планирование, контроль и регулирование [1]. Или, по мнению В.Ф. Паляя и Рея Вендер Вила, «суть управленческого учета заключается в предоставлении информации, которая необходима или может пригодиться менеджерам в процессе управления предпринимательской деятельностью» [2]. Ч.Т. Хоренгрэн, Дж. Фостер, Ш. Датар утверждают, что «Управленческий учет – это система сбора и группировки финансовой и нефинансовой информации, на основе которой менеджеры принимают решения для достижения целей организации [3].

«Управленческий учет – часть бухгалтерского учета, которая охватывает все виды учетной информации, необходимой для управления в пределах каждой организации. Значительное место в управленческом учете занимает производственный учет», – считает В.А. Пипко [4].

Итак, производственный учет реализуется отдельно от управленческого и финансового учета, но в то же время взаимосвязан с ним и применяется, прежде всего, для отражения внутренних операций по учету затрат на производство фирмы. В нашей стране в состав задач производственного учета на производство продукции входят вопросы учета затрат, определение фактической себестоимости готовой продукции или работ, оценка незавершенного производства. Калькулирование фактической себестоимости единицы продукции. А управленческий

учет имеет дело с классификацией затрат, накоплением себестоимости по видам изделий и издержек по центрам ответственности, центрам затрат или центрам дохода, составлением смет, бюджета, определение положения на перспективу их анализом, подготовкой информации руководству для выбора оптимальных решений.

Управленческий учет – это управления экономическим субъектом через планирование, контроль и регулирование управленческой деятельностью «процесса принятия решений. На наш взгляд, управленческий учет предоставляя информацию менеджерам (руководству фирмы) должен рассматриваться как основной механизм управления предпринимательской деятельностью, а не как функция управления.

Э.Т. Тулегенов в своих исследованиях делает вывод: «Управленческий учет оформляется в самостоятельную информационную подсистему с имманентными ему целью, функциями, предметом и методом» [5]. К сожалению, в настоящее время пока нет четких определений предмета управленческого учета. Мнение Т.П. Карповой по этому поводу: «Предметом управленческого учета в общем виде выступает совокупность объектов в процессе всего цикла управления производством» [6]. Предмет управленческого учета рассматривается в виде совокупности отдельных аспектов производственно-хозяйственной деятельности, отражаемой в системе учетной информации согласно специфике потребностей принимаемых управленческих решений.

К.Т. Тайгашинова утверждает, что предметом управленческого учета является: «Совокупность процессов организации оперативного информационного обеспечения рыночного механизма управления анализа и контроля предпринимательской деятельности, в принятии управленческих решений» [7]. По мнению автора, совокупность процессов организации состоит из четырех процессов: заготовления, производства, сбыта и кроме того, организация должна детализироваться на объекты. А объекты управленческого учета, в свою очередь, раскрывают его предмет.

Обобщая хотелось бы отметить, что предмет управленческого учета в общем виде всего цикла управления производством можно объединить в две группы: производственные ресурсы и хозяйственные процессы и их результаты. Поддерживая это определение, на наш взгляд, к хозяйственным процессам относятся снабженческо-заготовительная, производственная, сбытовая деятельность и организации, которые можно отнести к сферам деятельности. Однако в современном управленческом учете должна быть не группировка, а детализация внутри сфер деятельности по объектам учета, отвечающим целям управления.

Анализируя различные мнения ученых относительно сущности управленческого учета, можно отметить следующее, что это не только



учет по сферам деятельности, внутри их затрат на производство по центрам ответственности и калькулирования себестоимости продукции, а обработка учетных данных, анализ, прогнозирование, бюджетирование на перспективу, принятие решений и контроль за своевременным и полным обеспечением информацией. Помимо всего сказанного управленческий учет еще выполняет функции управления затратами, запасами, выпуском, сбытом продукции или услуг, ее рентабельностью и увеличением дохода, обеспечения конкурентоспособности предпринимателя. Сегодня основной недостаток – это отсутствие понятия «эффективность» в управлении и принятии управленческих решений. В этой связи наблюдается отсталость в развитии прогнозирования сфер деятельности компании (процесса заготовления, производства и реализации), которая может возникнуть в инновационной деятельности в любой период времени, а также непредсказуемость и точность сегодняшних решений на завтрашний день, получение дохода или его потери явились результатом недостаточного использования оперативной информации.

Информация, необходимая для оперативного управления затратами производственной деятельности может содержаться только в системе управленческого учета, который считается одним из перспективных направлений оперативного, внутреннего учета.

Управленческий учет непосредственно связан со сферой деятельности (с процессами производства) и является продолжением производственного учета. В производственном и управленческом учете используется один и тот же инструментарий, в котором отражаются средства научной фирмы (или НИИ) находящиеся в движении. Управленческий учет углубляет, детализирует производственный учет и позволяет использовать его информацию для целей управления инновационной научной деятельностью фирмы и для достижения наилучших результатов. В этой связи управленческий учет тесно взаимосвязан с финансовым, производственным и налоговым учетом.

Не менее важный фактор, на наш взгляд, основная причина снижения оперативности управленческого учета – во многих организациях бухгалтеры в течение месяца накапливают первичные документы и, как правило, вводят в систему обработки перед составлением отчетности в лучшем случае по завершению месяца. Именно этот фактор является основным недостатком в формировании компьютеризации оперативного учета, предоставлении информации. Необходимо первичные документы вводить в систему компьютерной обработки ежедневно.

Выполнение требований обеспечит формирование оперативного учета, предоставление информации в разрезе суток или смен, которое так необходимо в принятии оперативных управленческих решений.

Учетная информация в день свершения операций, работ, специально подготовленная в помощь менеджерам, является оперативной управленческой информацией. Исходя из принципа управленческого учета, полезность предоставленной информации в объеме, достаточном для удовлетворения различных пользователей, на наш взгляд, обеспечит эффективность управления, начиная от руководителя, заканчивая менеджером. Здесь тоже есть свои проблемы, в полезной информации содержатся качественные, количественные учетные, расчетно-аналитические данные. Для оперирования ими нужны знания именно управленческого учета, хотя в существующей практике управления этому пока не придают особого значения.

Современный управленческий учет выступает как информационная система, обслуживающая процесс принятия управленческих решений. Информационная связь между финансовым производственным и управленческим учетом никакими законодательными нормами и стандартами не регламентируется. Тем не менее, информация управленческого учета должна быть согласована и сопоставима с информацией финансового учета. Управленческий учет использует информацию производственного учета. Для преодоления выше указанных недостатков в странах с развитой рыночной экономикой стал применяться внутренний учет, который является механизмом формирования управленческого учета. И в результате механизм формирования управленческого учета требует детализации и ведения внутреннего учета.

Нельзя связывать решение всех возникающих вопросов с задачами внутреннего учета и предстоящего прогноза. Однако не исключено, что именно оперативная информация, предоставленная внутренним учетом, скрывает в себе возможности осуществления прогноза на завтрашний день и будет стадией к подъему эффективности управления производством. Стало быть, неизбежно раскрытие прогноза с внутренним учетом, более того, по мере сопоставления предоставленной информации, которая так необходима для развития рыночных отношений и обеспечения конкурентоспособности производства продукции или услуг. Именно конкурентоспособность производства обеспечит перспективу развития предпринимательства и вместе с ним получения дохода.

Взаимосвязь реального времени с поставленной целью развития производства, снижения затрат обеспечат получение дохода. Доход от производственной деятельности – это положительные результаты, которые можно достичь путем снижения себестоимости производственной продукции. Увеличение дохода в производственной деятельности это фиксация достигнутых результатов, постоянная работа по снижению затрат на производство продукции.

Ведение управленческого учёта подразумевает выполнение суще-

ственного объема разнообразных операций. Без автоматизированной системы затраты на обработку такого количества информации неизмеримо велики, а сроки обработки данных не удовлетворяют менеджеров. Практически невозможно получить необходимую информацию нужного качества в нужном объеме, а главное в требуемые сроки.

Эффективность принятых предпринимательских решений зависит от получения необходимой оперативной информации. Синтез финансовой отчетности: дефицит информации, цели и задачи управления на основе информации, способствовал рождению науки об управленческом учете. Поэтому управленческий учет как инструмент и средство нормирования, планирования, аккумуляции, контроля, анализа, оказывающих помощь руководству в прогнозировании на перспективу в установлении координации за исполнением оперативных планов, и оценки эффективности управления производственной деятельностью.

Таким образом, управленческий учет – это некая система показателей, которая отражает процесс движения капитала и предназначена для получения ответов на вопрос – как каждое управленческое решение в краткосрочном и долгосрочном периоде удовлетворяет интересы инвестора?

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Друри К. Введение в управленческий учет: Учебное пособие для вузов//пер. с англ.; под ред. Н. Д. Эриашвили; предисловие проф. П.С. Безруких. – Москва: Аудит, ЮНИТИ. – 1998. – С. 783
2. Управленческий учет//под ред. В. Палия и Р. Вандер Вила. – М.: ИНФРА. – М. – 1997.
3. Хорнгрен Ч.Т., Фостер Дж. Ш. Датар. Управленческий учет. – 10-е издание//пер. с англ. – СПб.: Питер. – 2007.
4. Пипко В.А., Булавина Л.Н. Настольная книга бухгалтера и аудитора. – 2-е изд., доп.//под ред. акад. Н.В. Бондаренко. – М.: Финансы и статистика. – 2000. – С. 592
5. Тулегенов Э.Т. Этапы развития и становления управленческого учета. Всесторонняя ускоренная модернизация экономики Казахстана и Средней Азии: современность и перспективы//Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию Стратегии «Казахстана-2030». – Алматы: Қазақ университеті, – 2007. – Ч.І. – С. 380
6. Карпова Т.П. Управленческий учет: Учебник для вузов. – М.: ЮНИТИ. – 2002. – С. 350
7. Тайгашинова К.Т. Управленческий учет логистических издержек (управление товарно-материальными запасами): Учебное пособие. – Алматы: Экономика. – 2006. – Ч. I. – С. 208

**Бекбалтина А.С.**, магистрант  
«Есеп және аудит» мамандығы  
Абай атындағы ҚазҰПУ Алматы қ.

## **БАСҚАРУ ЕСЕБІ: ЕНГІЗУДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ**

### **ТҮЙІН**

Мақалада басқару есебінің мәні және әр түрлі ғалымдардың оны мекемелердің бухгалтерлік есеп жүйесіне енгізу қажеттілігі қарастырылған. Басқару есебі – жедел жоспарлардың орындалу координациясын орнатудың перспективті болжамын жасау мен өндірістік қызметті басқарудың тиімділігін бағалауда басшылыққа жәрдем беретін механизм және нормалаудың, жоспарлаудың, бақылаудың, талдаудың құралы ретінде қарастырылады.

**Түйін сөздер:** басқару есебі, шығындар есебі, өндірістік есеп, ішкі есеп, өндіріс.

**A.S. Bekbaltina** second-year undergraduate  
of the profession «Accounting and audit»  
at KazNPU named after Abay Almaty

## **MANAGERIAL ACCOUNTING: PRINCIPLES OF FORMATION AND EFFECTIVENESS OF INTRODUCTION**

### **SUMMARY**

This article reveals the essence of management accounting and different views of scientists about the necessity of its introduction into the accounting system of the organization. Management accounting as a tool and a means of regulation, planning, accumulation, control, analysis, assisting management in predicting the future in establishing coordination of the execution of operational plans, and evaluating the effectiveness of performance management.

**Keywords:** management accounting, cost accounting, cost accounting, internal accounting, production

**Шимшиков Ж.Е.,** э.ғ.к.  
ҚР БҒМ Экономика институты филиалының директоры  
**Жанбозова А.Б.,** ғылыми қызметкер  
Астана қ.

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

### **Түйін**

Мақалада сыбайлас жемқорлықпен күресте мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру мәселелері әлемдік тәжірибені есепке ала отырып қарастырылған және мемлекеттік органдардың тұрғындармен тікелей қатынасын болдырмау мақсатында мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған іс-шаралардың жиынтығы ұсынылған.

**Түйін сөздер:** сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік билік, мемлекеттік қызметкерлер, әкімшілік құқықбұзушылық, әкімшілік тетіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет құралдары.

Сыбайлас жемқорлық – шекарасы жоқ, мемлекетаралық құбылыс екендігін айту қажет. Бір елдің сыбайлас жемқорлық деңгейі басқа мемлекеттердің сыбайлас жемқорлық деңгейіне, сондай-ақ заң және құқық тәртібіне ықпалын тигізуі мүмкін, сондықтан тек көптеген мемлекеттердің күшін біріктіре отырып және халықаралық мекемелердің бірлескен ықпалымен ғана сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұтымды әрекет етуге болады.

Мысалы, Австралияда 2014 жылдың қараша айында өткен «жиырма» елдің көшбасшыларының саммитінде 2015-2016 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы күресте күш біріктіру үшін қабылдаған жоспарда келесі маңызды мәселелерді бірігіп шешу көзделген:

1. Басқа елден келген заңсыз жолмен табылған кіріс активтерін өз еліне қайтару барысындағы ынтымақтастық.

2. Жемқорлық жасап қашып келген шенеуніктерге паналауға жол бермей, оларды отанына ұстап алып, күштеп қайтарудағы бірауыздылық.

3. Коммерциялық компаниялардың немесе олар арқылы пайда көріп отырғандардың нағыз шынайы аты-жөнінің құпиясын ашып жария етуде бірлесе әрекет ету.

Шет елдердің тәжірибесі бойынша, мемлекеттік қызметтегі сыбай-

лас жемқорлыққа қарсы әрекеттің әкімшілік тетіктерін ұйымдастыру үшін: мемлекеттік қызметкерлерге ұсынылған нормативтік-құқықтық және этикалық талаптарды; мемлекеттік қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің дүние-мүліктік жағдайын; сыбайлас жемқорлық құбылысының тәуекел қаупіне ілінген, әсіресе, қызметтері мемлекеттік тапсырмаларды орналастырумен байланысты мемлекеттік қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындауы туралы тұрақты мониторинг жүйесін құру орынды болар еді. Жоғарыда көрсетілген талаптарды орындау мониторингі, әрине, атқарушы билік органдарының құқық қорғау және салық органдарымен, сондай-ақ мемлекеттік қадағалау және бақылау жасайтын органдармен өзара әрекет ету тетіктерін даярлауды талап етеді.

Мысалы, Ресей Федерациясында қазіргі кезде, сыбайлас жемқорлықпен құқықбұзушылық үшін заңды тұлғаларды жауапқа тарту тетігі ретке келтірілген. РФ Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі талдауымыз көрсеткендей, заңды тұлғаның атынан берілген заңсыз сыйақы үшін жауапкершілік қарастырылатын бірнеше қосымша баптарды (бір баптың орнына) енгізу әкімшілік құқықбұзушылықтардың қосымша құралы есебінде, 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы» Заңының нәтижелілігін және пәрменділігін едәуір күшейтуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметті қайта құру барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы келесі шаралар іске асырылған: әкімшілік мемлекеттік қызметкерлердің бос лауазымдарына байқаулық таңдау, ресми (көпшілік алдында) ант қабылдауды енгізу; ар-намыс Кодексі қабылдау (қызметтік этика тәртібі); мемлекеттік қызметкердің жеке мүддесі мен оның өкілеттігінің арасындағы қарама-қайшылық туралы лауазымды тұлғаны (лауазымды қызметке тағайындалуға құқығы бар) хабардар ету міндетін енгізу; туыс адамдардың бір мемлекеттік органда бірлесе қызмет атқаруын шектеу; табыстары туралы декларация тапсыру; мүлікті сенім басқармасына тапсыру; жекешелендірудің, ұлттық компаниялар мен мемлекеттік мекемелер қызметінің, сондай-ақ, жеке компаниялардың ашық процессін қамтамасыз ету; салық саясаты, жер қойнауын пайдалану және жер қатынастары және тағы басқа салада арнайы шешім қабылдау.

Дегенмен, ҚР мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен болдырмаудың жекелеген мәселелері, халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, тиісті тәжірибелік әрекеттер жасау үшін қосымша зерттеуді қажет етеді.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықты құрықтаған немесе, ерекше жетістікке жеткен елдердің тәжірибесіне сүйенуге болады, оларға ең

бірінші Сингапур, екіншіден, Қытайдың әкімшілік ауданы – Гонконг жатады. Сыбайлас жемқорлықты болдырмай аластатудағы жеңісі бойынша өте жоғары рейтингіне Жаңа Зеландия, Финляндия, Дания және Швеция сияқты елдер ие болған [1]. Осы елдердің заңнамаларында, мемлекеттік қызметкерлердің әкімшілік қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа тәуекелділік қаупін ауыздықтауға мүмкіншілік беретін мемлекеттік қызмет жүйесіндегі мүдделер қайшылықтарын шешетін тетіктер жеткілікті дәрежеде дәлдікпен анықталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ісінде дұрыс нәтижеге жеткен шетелдік мемлекеттер бұл үшін көп жылдар бойы тиісті құқықтық құралдарын қалыптастырғандығына ерекше көңіл аудару керек. Ережеге сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ісіндегі жетістікке әртүрлі құқықтық құралдарды, атап айтқанда, конституциялық, халықаралық құқық, ақпараттық және тағы басқа құралдарды қолданғанда жетуге болады [2]. Басқаша айтқанда, сыбайлас жемқорлық ұйғарымдары әртүрлі салалық меншік заңнамасында мазмұндалған, ал, құқықтық құралдардың барлық жиынтығын толық қолдана алу мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет ісіне лайықты үлесін қосады. Жоғарыда келтірілгендерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің шетелдік тәжірибесі, оған қарсы әрекетке құқықтық құралдар кешенін құрған кезеңде қолданылуы мүмкін және қолданылуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен әрекет ретінде, келесі іс-шараларды ұсыну орынды деп есептейміз:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында дүние жүзілік қауымдастық өзара ақыл-кеңес өткізудің түрі мен әдісін оңтайландыруы қажет;

2) әр түрлі елдердің дайындалған сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет құралдары туралы мәліметтердің әлемдік банкін құру;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет іс-шараларына қатысуға қабілеттілігі бар кадрларды таңдау және дайындау, сондай-ақ, мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы барша мемлекеттер құптаған стандарт тәртібін әзірлеуге өзара көмек көрсету.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің нәтижелілігі үшін барлық құқықтық құралдардың жиынтығын қолдану қажет деп бекітуге болады. Бірақ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету тетіктеріндегі орталық орын тап осы әкімшілік-құқық құралдарына берілуі тиіс. Бұл, әкімшілік құқық мөлшерін, мемлекеттік қызметті іске асыра-

тын тәртіптеме белгілейді және бүтіндей көпшілікті басқару тәртібін анықтайды, азаматтарға және заңды тұлғаларға көпшілік қызмет ұсынудың тәртібі, орындаушы-өкімдік қызмет саласындағы әртүрлі субъектілердің ара-қатынас тәртібін анықтаумен байланысты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетке арналған әкімшілік-құқықтық құралдарының қатарына мыналарды жатқызуға болады: мемлекеттік қызмет тәртіптемесімен байланысқан әкімшілік тыйымдар; мемлекеттік қызметтегі мүдделер қайшылығын реттеу құралдары; мемлекеттік қызметкердің нақты лауазымдық реттемесі; мемлекеттік қызметтегі лауазымға қадағалау орнату; мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кадрлық резервті құру және қолдану; лауазымды қызметке сайлау кезіндегі кандидаттар таңдаудың баламасын міндетті түрде құру; мемлекеттік қызметке орналасу кезіндегі сынақ; мемлекеттік құқық қорғау қызметінің жауапты лауазымына тағайындау кезінде, меншікті қауіпсіздік бөлімшелерімен кандидатураны келісу тетігі; сыбайлас жемқорлық қаупімен байланысы бар мемлекеттік қызметтің лауазымды статусын анықтау; мемлекеттік қызметкердің тәртіптемесіне және мәртебесіне байланысты әлеуметтік кепілдендіру; мемлекеттік қызметкерлерді аттестациялау; мемлекеттік қызметкерлерді көтермелеу және марапаттау; мемлекеттік қызметкерлердің лауазымды өсуінің мөлшерлі уақытын айыру; «мүдделер қайшылығы» туындаған жағдайда, мемлекеттік қызметтегі лауазымынан босату; біліктілік емтиханы; мемлекеттік қызметтегі қызметтік тәртіптің реті; мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік іс-әрекеттерін әкімшілік бақылау; мемлекеттік қызметкердің және оның отбасы мүшелерінің мүліктік жағдайын салықтық бақылау; мемлекеттік қызметкерлердің тәртіптік және әкімшілік жауапкершілігі; мемлекеттік қызметкерлердің табысы, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметті ұсыну тетіктері; мемлекеттік қызметкерлердің еңбек ақысы; мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кадрларды ауыстыру және басқалар.

Ерекше көңіл бөлуге тұратын тағы бір құрал – бұл кадрларды ауыстыру. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ауыстыру рәсімі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттердің ең нәтижелілерінің бірі болып келеді. Және осы жағдайда, шетелдік тәжірибені, мысалы, Германия тәжірибесін есепке алу орынды болар еді, ол бойынша «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заң негізінде, мемлекеттік қызмет жүзеге асырылатын орган әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа байланысы бар жағдайды үнемі бақылауда ұстап отыруға міндетті, мемлекеттік қызметтің сыбайлас жемқорлыққа байланысты осал жерін анықтауға, сондай-ақ, мүмкін болатын сыбайлас жемқорлықтың алдын алатын іс-шаралар өткізуі орынды. Осындай лауазымға қабылдау нысаналы түрде



жүргізіледі, таңдап алынған қызметкерлер моральды-психологиялық тұрғыдан алғанда, орнықты болулары керек, ережедегідей, оларды бес жыл сайын ауыстырып отырады [3].

Қытайдың ауыстыру жүйесі мемлекеттік қызметкерлерді белгіленген уақыттан кейін, басқа жерге, басқа қызметке ауыстыруды қарастырған. ҚХР-ның мемлекеттік органдары, ауыстыру ретінде лауазымды тұлғаларды қабылдау үшін, біраз бос орын сақтап отыруы керек [4]. Аталған тәжірибе, біздің ойымызша, ҚР-ның мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрларды әкімшілік-құқықтық реттеу тетіктеріне енгізуге тұрады.

Мемлекеттік қызметкерлерді біршама төмен материалдық деңгейде ұстау, сондай-ақ нәтижелі қызмет қайраткерлілігін қамтамасыз етпейді. Соңғы уақытта жағдай едәуір жақсарса да, коммерциялық құрылымдағы, әсіресе, ұлттық компаниялардағы еңбекақыға қарағанда, мемлекеттік қызметкерлер едәуір төмен алады. Қазіргі уақытта, мемлекеттік қызметкерлердің ақшалай үлесін татымды көбейту қажет. Бұл ішінара, мемлекеттік қызмет жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және жолын кесуге септігін тигізуі мүмкін. Тек қана мемлекеттік қызметкерлердің ақшалай үлесін көтерумен сыбайлас жемқорлық мәселесін шешу қатаң талап пен бақылау болмайынша іске аса алмайды. Біздің зерделенген пікірімізше, бұл жерде әкімшілік-құқықтық, әлеуметтік, экономикалық және ақпараттық іс-шаралардың бүтін бір жиынтығы қажет.

Осыған байланысты, қазіргі кезеңде, ҚР-ның мемлекеттік қызмет жүйесінде, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған, бірінші кезекте, жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетуде жұмыс істейтін мемлекеттік шенеуніктердің тікелей байланысын болдырмау мақсатында, әкімшілік-құқықтық тұрғыдағы әрқилы және жүйелі іс-шараларды бүтіндей зерттеу және іске асыру қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта, авторлар әзірлеген мемлекеттік қызметкерлердің тұрғындармен қарым-қатынас кестесін пайдалануды ұсынамыз, осында тікелей байланысты азайта отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибеде қандай оңтайлы және нәтижелі әрекет жасау қажеттілігі көрсетілген (1-сурет).

Бәрінен бұрын, мемлекеттік биліктің атқарушы органдарының әкімшілік-құқықтық жұмыс тәртібін белгілейтін мөлшерлі нұсқамаларды жетілдіру, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы бүгінгі заманғы әкімшілік-құқықтық құралдармен мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларға жүйелі қосымша енгізу қажет.

Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсету мәселесінде	Мемлекеттік тапсырыстарды көтерме сатып алу	Нақты қызмет аударым және өкілеттілігін шектеу мәселесі бойынша	Мемлекеттік қоржым секторын басқару бойынша	Келен қосымша рұқсаттар бойынша
Орналас мемлекеттік органдар	Мемлекеттік тапсырыстарды көтерме сатып алудың тентерлік жүзеге асырылуына электрондық біржолалық сатуларға ауысуымен құқықтық негізін жасау	Мемлекеттік қызметтің орталықтан айналымын берілуін бақылау механизмін зерттеу және іске асыру	Тексеруші органдарға процессін қарама-қарсылап талпынап жөндері үшін саясатты құқықтық негізін анықтау және мемлекеттік қызметтің зерттеу	Халықаралық құқықпен келісімімен мемлекеттік қызметтің анықталған саясаты бойынша мемлекеттік қызметтің зерттеу
Жергілікті мемлекеттік басқару органдары	Биржалық сатулардың лайықты механизмдерін құруды зерттеу	Басқару деңгейі және қоржымды ресурстармен қамтамасыз ететін қызмет аударым және өкілеттілігін анықтау	Салық айналымының салық қызметтерінің салмақтық жөндері алып тастауын жөндері	Келен қосымша рұқсаттар бойынша мемлекеттік қызметтің зерттеу
Тұрғындарға тікелей қызмет көрсететін мекемелер	Тұрғындарға және қызмет көрсетуді сатып алу үшін мемлекеттік тапсырыстарды ұйымдастыру	Тұрғындарға толық қызметтің және қызметтің ететін қызметтерінің жөндері алып тастауын жөндері	Тұрғындар мен тапсырысшылардың қызметтерінің салмақтық жөндері алып тастауын жөндері	Келен қосымша рұқсаттар бойынша мемлекеттік қызметтің зерттеу
Қалалар мен ауылдық жерлердегі жалғыз терек мемлекеттік қызметтің бойынша тұрғындарға қызмет көрсету орталығын жинай құру	Қалалар мен ауылдық жерлердегі жалғыз терек мемлекеттік қызметтің бойынша тұрғындарға қызмет көрсету орталығын жинай құру	Тұрғындарға толық қызметтің және қызметтің ететін қызметтерінің жөндері алып тастауын жөндері	Тұрғындар мен тапсырысшылардың қызметтерінің салмақтық жөндері алып тастауын жөндері	Келен қосымша рұқсаттар бойынша мемлекеттік қызметтің зерттеу
Бақылау мүмкіндігі	Қызметтер көрсету	Қызметтер көрсету	Қызметтер көрсету	Бақылау мүмкіндігі
Үкіметтік емес ұйымдар				БАҚ

Сурет 1 – Мемлекеттік органдардың тұрғындармен тікелей қатынасын болдырмау мақсатында мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған іс-шаралардың жиынтығы

Ескерту – авторлар құрастырған

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Transparency International. [http://www.transparency.org/policy\\_research/surveys\\_indices/cpi/2010/in\\_detail#1](http://www.transparency.org/policy_research/surveys_indices/cpi/2010/in_detail#1)
2. Масловский В.В. правовые методы борьбы с коррупцией: зарубежный опыт//Дальневосточный государственный университет. Владивосток. – 2006 г.
